

санау қиындығынан құтқарады. Тағы бір тартымдылығы 1, 3; 2, 4 жолдар әуенінің ұқсас болуы, пернеаралық алшақтық болмағаны абзал. Санның үстіне саусақ, қағыс белгісін алғашқы әзірде белгілемеген дұрыс, әуелі сан мен пернені оқып үйреніп, басқа белгілер біртіндеп қосылады. Осылайша небір күрделі деген күйлерді сан жүйесімен жеп жеңіл үйренген шәкірттердің талайы, құймақұлақ, нота жүйесін ешбір қиындықсыз алып кетті. Жалпы кейін музыка маманы болмай, өзі үшін үйренушілерге осыдан тиімді әдіс жоқ деп кесіп айта аламыз.

Қазіргі заманға сай біз ұялы телефонға қосымша құрылғыны өзімізге жүктей аламыз. Себебі әрбір адамның қолында өз гаджети бар. Сіз кез-келген ұялы телефондағы Play market және App Store-дағы бағдарламадан тиімді бағамен немесе тегін жүктей аласыз. Кем дегенде құны 50 мб тұрады. Оның артықшылығы нотаға қарамай қалаған күйді жаттап алуға болады.

Қорыта айтқанда, болашақта біздің негізгі мақсатымыз, қала мектептерінде осы тәсіл кеңінен таралса, бірде-бір домбыра ойнамайтын қазақ болмас еді. Мұндай игі істі қазақ халқының ұлттық мәдениетін көтерудің бір қыры деп білген жөн. Жұмагелді Нәжімеденов ағамыз бастаған домбыра үйренудің сандық тәсілін дамыту арқылы, қазақ шығармаларының халық арасына кеңінен таралу мүмкіндігі артады. Мектеп бағдарламаларымен қатар, ЖОО студенттерінің домбыра үйірмелерінің бағдарламаларына домбыра үйретудің сандық тәсілі қосылса, жақсы болар еді. Сандық тәсілдің біздің болашақ жастарымыз үшін де пайдасы зор екенін нық сеніммен айта аламын.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Нәжімеденов Ж. «Домбыра үйренгің келе ме?» Алматы «Аманат-ТТ» 2005
2. Сахарбаева К. «Домбыра үйрету әдістері» Алматы 2009
3. Нәжімеденов Ж. «Домбыра ойнау оңай ма?» Өнер баспасы Алматы 2013

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ДАМУЫНДА ХАЛЫҚ МУЗЫКАСЫНЫҢ ОРНЫ

Сақауов Азамат, «Музыкалық білім» мамандығының 3 курс студенті,
Жетекшісі: **Жақаева К.А.** Өнер кафедрасының аға оқытушысы,
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

Жалпы білім беретін мектептегі музыка сабағының басты мақсаты қазақ халқының әдет – ғұрпын, салт – дәстүрін, өнерін қадірлейтін, оның өмірмен байланысын түсінетін, эстетикалық және музыкалық танымы дамыған, рухан бай жеке тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған. Туған елінің әндері мен күйлерін білу, туған жерін құрметтеуге тәрбиелейді, ал қазақ халқының ой- арманын музыка арқылы түсіну оның музыка мұрасын дұрыс қабылдауға және әсемдікті сезіне білуге тәрбиелейді.

Мектеп оқушыларының бойында музыкалық-эстетикалық тәрбие жүйесін қалыптастыру және қазақ фольклоры туралы білім беру, олардың физиологиялық және психологиялық ерекшеліктеріне, әртүрлі іс- әрекеттегі көрсеткен білім сапасына сай жүргізілуі тиіс. Әр халықтың эстетикалық дүние танымы, көркемдік өзіне тән өнер туындыларымен ерекшеленетіні өмір шындығы. Ұрпақ тәрбиесінде, туған халқымыздың ұлттық өнерін, оның нәзік те көркем сырын ұғындыру мектепке дейінгі тәрбиеде баланы әсемдікті сүйсіне білуге баулу құралы екені сөзсіз. Сондықтан, мектепте өнерге деген қызығушылықты қалыптастыруда халық өнері мен мәдениетінің сан-алуан түрлері жайында қарапайым түсініктер беру көзделеді.

Ұлттық өнерге оқушыларды жастайынан баулу олардың адамгершілік, эстетикалық қасиеттерін дұрыс қалыптасуына, мәдени дәстүрге деген сыйластық сезімін дамытуға әсерін тигізіп, оқу-тәрбие үрдісінің сапасын арттырады. Оқушылардың әсемдікті түсіне білу қабілеттерін арттырады.

Мектепте музыкалық тәрбие берудің басты міндеті – оқушыларды музыканы дұрыс тыңдап, түсінуге және оны әсерлі орындай білуге баулу. Орындаушылық шеберлікті шыңдау ән-хор дағдыларын жүйелі түрде жолға қоя білумен тығыз байланысты. Сабақта ән салу дағдыларын негізінен жаттығулар айтқандай үйренеміз де, ал ән үйрену кезінде оларды пысықтап қайталау арқылы есте қалдыруды көздейміз.

Мектепте барлық пәндер сияқты, музыка пәні де оқушыларды азаматтық рухта тәрбиелеп, олардың дүниетанымын дамытып, ойөрісін кеңейтуді, сонымен қатар музыка саласында білімін жетілдіруді мақсат етеді. Алайда музыка жай пән емес, өнер пәні болғандықтан оның өзіндік ерекшеліктері және атқаратын міндеттері өте көп. Атап айтқанда оқушылардың дүниетанымы, өмірге деген көз қарасы, музыкалық шығармаларды тыңдау немесе орындау кезінде алған әсерлену сезімі деген ұғым әр сабақтың ең өзекті мәселесі болып отыруы шарт.

Олай болса, оқытушының сабақта қолданылған барлық әдістері осы түйінді мәселені ашуға бағытталуы тиіс. Ал ән айту, музыка тыңдау дағдыларын үйрену музыканың сұлулығын, әсем сазын терең түсініп, одан эстетикалық әсер, нәр алу жолдарын жеңілдетеді.

Қазіргі кезде жалпы білім беретін мектептердің оқулықтарының тәжірибесіне, әдет-ғұрыптарына, салт-дәстүріне, рухани қазынасына, саяси-әлеуметтік, экономикалық ерекшеліктеріне ыңғайланып жасалуда. Бұны біз ұрпақтарымызға, қасиеттерімізді сіңірудің қажеттілігінен туындаған жағдай деп түсінуіміз керек. Яғни, ұрпағымызға ұлттық тәрбие беру қажет.

М. Жұмабаев бұл мәселе жөнінде былай деп ой түйеді: «Әрбір ұлттың балаға тәрбие беру туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жылдары бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп қолданылып келе жатқан болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет атқаратын болғандықтан, тәрбиеленетін баланы сол ұлттық тәрбиесімен тәрбиелеуге міндетті».

«Біз қазір музыка саласында өзіміздің халқымыздың дәстүрінен, дүниежүзілік классикалық үлгіден айырылмай, ілгерілей беруіміз қажет, – дейді ғалымдар Ә. Нысанбаев пен Т.Әбжановтар, – өйткені музыка халқымыздың адамгершілік пен парасаттылық қасиетке жетудің жолы дейді».

Жалпы білім беретін мектептердегі музыкалық оқыту мен тәрбиелеудің басты міндеті эстетикалық талғамы зор және өз Отанын құрмет тұтатын мәдениетті азаматты тәрбиелеу болып табылады. Музыка мәдениетін, ұлттық сананы қалыптастыруда халық музыкасы көмекке келеді. Қазақ халқы анасының бесік жырын тыңдап өскен – музыкалық мұрамыз ауқымды тәрбиелік әлеуетке ие. Халық музыкасы қызығушылық тудырады, қуаныш сыйлайды, жақсы көңіл-күй қалыптастырады, қорқыныш, алаңдаушылық сезімін басады, нақты айтсақ, эмоционалды-психологиялық жайлылықты қамтамасыз етеді. Халық фольклорының байлығы мен жан-жақтылығы оның барынша жарқын бейнелерін таңдауға мүмкіндік береді.

Оқушының ұлттық қасиеттеріне меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылығы, мәдениеттілігі т.б. қасиеттері арқылы ерекшеленеді.

Әрбір ұлттың ұлттық қасиеттері ұлттық тәрбиеге байланысты дамып, қалыптасқан. Халық педагогикасы ұлттық әдебиет пен сол ұлттың салт-дәстүрлерінен құралады. Әдебиет көркем шығармалар арқылы сан үйренуден бастап, шығарма кейіпкерлерінің тілін, ойын, іс-әрекеттерін, мінез-құлқын, ұлттық қасиеттерін үлгі ретінде әсерлі баяндап, содан соң көркемдеп көрсетіп үйрету арқылы жеке тұлғаның адамдық қасиеттерін қалыптастырып, кісілік сана сапасын арттырады.

Қазақ халқының аса бай ұлттық әдебиеті, қайрымды, әдепті салт-дәстүрлері оның этностық (ұлттық) ерекшеліктерін көрсетеді де, ол жеке тұлғалардың ұлттық қасиеттерін қалыптастырады.

Әрбір мәдениетті, білімді адам өзінің кәсіптік, дүниетанымдық деңгейін ұлттық

мәдениетпен ұштастыра білуге міндетті. Мәдениетті болу үшін білімді болу - міндет. Білімді болғанмен ұлттық мәдениетті игермеген болса ондай тұлға ұлт алдында “мәңгүрт”, мәдениетсіз болып көрінеді де, халықтың наразылығына ұшырайды. Кәсіптік-мұрагерлік әдеп (мәдениет) сақталған жерде дамыған дарынның мәдени жемістері көрінеді.

Адамдардың бойында қалыптасқан имандылық қадір-қасиеттер рухани құндылықтарға, ал адамдардың қолымен жасалған тұтыну заттары мен кәсібі материалды құндылықтарға жатады.

Өзімізді өзіміз бағалай білуге бет бұру - ұлттық байлығымызды игеру, ұлттық санамызды дамыту. Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандалылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару. Бүгінгі білім беру, жас ұрпақты тәрбиелеудегі басты мақсат- жеткіншек ұрпаққа мәдени, еңбек, адамгершілік және эстетикалық тәрбие бере отырып, олардың әсемдік сезімін дамыту, көркемдік талғамын тәрбиелеу, өнер шығармаларын сүйіп, туған табиғатын, оның байлығын қастерлеп, бағалай білуге қабілеттерін қалыптастыру. Жаңа заманның, жаңа оқушысын ұлттық музыка мәдениетін меңгерген, әлемдік музыка өнері туралы музыкалық білімі қалыптасқан жеке тұлға етіп тәрбиелеу жүйесін қалыптастырады.

Мектепте музыка сабағы оқушыларды әсемдік әлемінің таңғажайып сырын терең түсініп, көркемдік атаулыны шынайы сезінуге, одан рухани ләззат, әсер алуға, өмір жайлы ой толғауға, ізгілікті мұрат – мақсаттарға жетелеп, өнегелі істерге баулиды. Осы маңызды міндеттерді орындау үшін баланың бойындағы қабілетті дамыту керек.

Музыка оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытып, олардың қиялын, есте сақтау қабілетін, танымдық қызметінің белсенділігінің артуына ықпалын тигізеді. Музыка пәнінен білімді игеру нәтижесінде оқушы ұлттық және әлемдік мәдениет мұраларын меңгерген және өмірлік тәжірибеде қолдана білетін, рухани толысқан тұлға ретінде қалыптасады.

Музыка оқу пәнінің мақсаты – оқушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастыру, әлемдік музыкалық бейнелерді меңгеру, тұлғаның шығармашылық қабілетін дамыту және музыкалық біліктерін, өмірде қолдана білуге негізделген. Музыка баланың бойындағы асыл қасиеттерін оятып, елін, жерін, Отанын сүюге тәрбиелейді.

– дәстүрлі қазақ музыкасының өткен және қазіргі замандағы адам өмірімен байланысы және оның композиторлық шығармашылығындағы рөлі туралы білім беру;

– оқушылардың көркемдік талғамын қалыптастырып, музыкалық шығармаларды бағалай білу;

– түркі және шығыс халықтарының музыкалық мәдениетіне деген қызығушылығын арттыру;

– музыканың басқа өнер түрлерімен байланысын ұғына білу;

– музыка өнерінің әр түрлі әрекеттерінде оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастырып, ән, терме айту және аспапта ойнау біліктерін

дамыту.

Ұлтымыздың бүкіл рухани игілігі 20 ғасырға дейін жазбасыз түрде дамып, ауыздан-ауызға, әкеден-балаға, ұстаздан – шәкіртке, өткеннен –

Болашаққа жеткізіліп отырған. Шаруашылықтың көшпенді және көшпенді емес түрі ұлттық аспаптардың, музыкалық дәстүрлердің ерекшеліктерін, қазақ қоғамының өмірі мен тұрмысының, сөздік және ақындық көркемөнердің біртұтастығын көрсетеді.

Бастауыш сынып оқушылары көркем музыкалық шығармаларды мұғалім көмегімен, балалар фольклорын орында қолдану арқылы тереңірек қабылдауға бағыт алады, мазмұнын түсініп қана қоймай, ертегілер мен әңгімелерді жарқын, бейнелі сөздерді естеріне сақтап, кейіпкерлерге деген өзінің пікірі мен көзқарастарын білдіруге тырысады.

Сонымен бірге, балалардың мақал- мәтелдер мен жұмбақтардың мазмұнын түсініп, оларды өмірмен байланыстыру қабілеті артып, ұғыну, қабылдау әрекетінің көлемі мен

ауқымы кеңейе түседі. Олардың шығармашылық мүмкіндіктері артып, ертегінің, әңгіменің мазмұнын қайталап есіне түсіргенде немесе сахналап, қойылымдар қойғанда өзіндік тапқырлық көрсетіп, еркін ойын айта, эмоциясын анық білдіре алады. Сол іс- әрекет барысында ерекше әсер алып, эстетикалық сезімдері мен қызығушылығын оятқан заттар, музыкалық шығармалар жөнінде қарапайым тұжырым жасайды.

Мәселен бастауыш сынып оқушыларына арнап ұлттық мәдениет негізінде Ш.Құлманованың жетекшілігімен жасалған «Музыка» бағдарламасының басты мақсаты қазақ халқының музыка өнері басқа да жанырлармен тығыз байланысты болуымен құнды және де қазақ фольклорының түрлері: ертегі, санамақ, мақал- мәтелдер, жаңылпаштар т.б. тығыз байланысты болуымен тиімді.

Оқушылар өз халқының музыкалық мұрасын тереңірек үйренсе, әсіресе, балалар фольклорын, онда оларда музыка мәдениетінің іргетасы табысты қаланды. Халық музыкасына деген сүйіспеншілік пен қызығушылықты тәрбиелеу – оқытудың барлық мерзімінде осы қазақ фольклоры арқылы халық музыкасының төңірегінде үнемі жұмыс жүргізілген жағдайда ғана жүзеге асырылады, яғни ылғи да көңіл бөлініп отыру керек.

Еліміз егемендік алып, өз алдына дербес мемлекет болып қалыптасқалы оқушыларымыздың эстетикалық тәрбиесіне жеткілікті көңіл бөлінуде. Баланың жан-жақты болып өсуінде музыканың орының ерекше . Бала сәби кезінен бастап музыканы тыңдап, сезіне біледі.

Мектепте тәрбиенің басты мақсаты баланы өнер түрлерімен соның ішінде әсем саз арқылы өз халқының музыкалық мәдениетімен таныстыру. Туған елін, ана тілін, табиғатын қадірлейтін, аялайтын, жанын салып қорғайтын көкірегі ояу, көзі ашық азамат тәрбиелеуде музыка өнерінің орны ерекше.

Сондай-ақ музыка пәні мұғалімдерінің негізгі міндеті-жас ұрпақты қазақ халқының рухани қазынасы, ұлттық мәдениеті, әдет-ғұрпы, салт-дәстүр негізінде тәрбиелеп оқыту. Музыкалық іс-әрекеттер арқылы баланың эмоциялық сезімдерін оятып, баланың ой-өрісін, көркем ойлау қабілетін, талғампаздығын, есту қабілетін арттыру.

Оқушыларға музыкалық-эстетикалық тәрбие беру негізінде халықтың ауызекі өнері, жұмбақ, жаңылтпаш, ұлттық ойындар, ән-күй тыңдату, өнер қайраткерлерінің шығармаларымен, музыкалық аспаптармен таныстыру мақсаты көзделеді.

Музыкалық-эстетикалық тәрбиенің қалыптасып, дамуына халық композиторларының шығармашылығы ерекше орын алады. Халық композиторларының күйлері ұлы оқиғаларды, өмір шындығын, қазақ жерінде болған айтыс-тартысты, жорықтарды, той-думанды, елдің тұрмыс-тіршілік салтын суреттеген.

Мектеп оқушыларының музыкалық-рухани қабылдауын тәрбиелеу мақсатында қазақ фольклоры жанрларын пайдалану, олардың өнер мен өмірдегі әсемдікті түсінуіне, көру мен есту түйсіктерін жинақтауға, танымдық процестерінің дамуына көмектеседі. Сонымен қатар ауыз әдебиеті жанрлары балалардың көркемдік тапқырлығы мен дағдыларын, шығармашылық іс әрекеттерін жетілдіреді. Сол себептен де, қазақ фольклор жанрларын балалардың музыкалық-рухани қабылдауын дамытуда тәрбие құралы ретінде пайдалынады.

Музыка сабағында ән үйретіп, күй тыңдатып, ойын ойнату арқылы халықтық музыкалық фольклорына құрметпен қарауға, ұлттық салт-дәстүрімізді қастерлеуге оқушыларды жас кезінен баулығанда ғана, ол ертеңгі өз Отанының нағыз азаматы болады. Фольклорымыздан нәр алып өскен бала еліміздің елдігіне, егемендігіне еңбек етіп, өркендеуіне үлес қосатын азамат болып қалыптасады.

Тәуелсіздік туын тіккен жас мемлекетіміздің болашағына тұтқа болар білімді де білгір, білікті, саналы азаматтар даярлау бүгінгі күннің келелі мақсаттарының бірі. Біздің өсіп келе жатқан бүлдіршіндеріміз халық өнерінің шынайы мұрагерлері болуы керек. Асыл өнерді өз қолымен жасай алатын адам ғана ата – бабадан қалған мұраны көбейтіп, байытып келесі ұрпаққа жеткізе алады. Олай болса, ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрпын, әдеби, мәдени бай қазынасын баланың зердесіне орнықтырып, парасатты, музыкалық-эстетикалық талғамы жоғары азамат тәрбиелеп өсіру баршамызға басты міндет.